

Түркістан қаласында өткен ҚР онкологтары мен радиологтарының VIII съезді



2021 жылғы қазан айының 14-16 аралығында Түркістан қаласында ҚР онкологтары мен радиологтарының VIII съезді өтті, оған Франция, Испания, Ресей және басқа да көршілес елдердің жетекші ғылыми және клиникалық орталықтарының ғалымдары мен дәрігерлері қатысты.

Съездге Түркістан облыстық клиникалық ауруханасының "онкоорталығының" мамандары, Түркістан облысының және Қазақстанның басқа облыстарының аудандық онкологтары мен маммологтары белсенді қатысты.

Облыстық онкологиялық орталықтың қызметкерлері облыстық клиникалық аурухананың "онкологиялық орталығында" онкологиялық науқастарды емдеудің клиникалық жағдайлары туралы материалдармен баяндамалар жасады.

Үш күн ішінде оффлайн және онлайн режимдерде заманауи онкохирургия, химиотерапия, радиология және патоморфология саласындағы өзекті мәселелерімен қатар, Covid-19 пандемиясы жағдайында онкологиялық ауыр сырқаты бар науқастарға көмек көрсету мәселелері де талқыланды. Съезд жұмысы барысында еңбегі мен онкология саласындағы жетістіктері үшін Арыс ауданының онколог-дәрігері А.Р. Коцеруба Құрмет грамотасымен марапатталды, бұл да облыстық онкологиялық қызмет үшін көрнекі болып табылады.